

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы
«Қарлығаш» бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

«Өнерлі саусақтар»

Авторлық бағдарлама

Шалғынбаева Балжан Көбейқызы



Төлеби ауданының білім бөлімінің «Озық іс – тәжірибе тарату туралы»

29.03.2024жылы өткізілген аудандық әдістемелік кеңестің №5 хаттамалық шешімі бойынша баспаға ұсынылды. Бұйрық №101-п. 08.04.2024ж.
Ұйымдастырылған іс – әрекет тақырыптары

№	Тақырыбы	Сағат
1	Шағылысқан күн сәулесі	1
2	Бұтақта отырған құс	1
3	Көбелек	1
4	Кемпірқосақ	1
5	Жолақтағы ою элементтері	1
6	Күзгі жемістер	1
7	Әдемі гүлдер	1
8	Күз көрінісі	1
9	Балықтар	1
10	Сиқырлы дөңгелектер	1
		Барлығы : 10 сағат

Оқу қызметі: сурет салу.

Тақырыбы: «Шағылысқан күн сәулесі»

Мақсаты: балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету; саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалысарын жетілдіру; бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Дәстүрден тыс сурет салу технологиясының міндеттері: Бейнелеу іс-әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту, сурет салу өнеріне деген қызығушылығын ояту, көркемдік талғамын арттыру, іскерлік дағдыларын меңгерту, дәстүрден тыс сурет салу технологиясының негізгі бағыттары, айналаны бақылау және қабылдауын дамыту, бейнелеу өнері түрлері және көркем өнер туындыларымен таныстыру, көркемдік талғамын

арттыру, іскерлік дағдыларды меңгерту.

Күтілетін нәтиже: балалар тақырыпты меңгереді, алақан мен саусақтар көмегімен сурет салады, бояумен ұқыпты жұмыс жасай алады.

Көрнекіліктер: күн сәулесі салынған үлгі сурет.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Өз қиялдары бойынша да сурет сала білулері.

Әдіс-тәсілдері: көрсету, үйрету, түсіндіру.

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Біз қандаймыз-қандаймыз,
Шұғылалы тандаймыз,
Күлімдеген күндейміз,
Еш уайымды білмейміз.



-Балалар біз бүгін сендермен күннің суретін саламыз. Бүгінгі күннің қандай тамаша екені, күн нұрын аямай төгіп тұрғаны, күн барлығына қуаныш әкелетіні – жапырақтар жайқалып, құстар сайрап, жан-жануарлар тіршілік қамына кірісіп, балалар көтеріңкі көңіл күйде болады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

Балалар мен жұмбақ жасырамын, сендер шешімін тауып көріңдер.

Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.
Ол не балалар?
-Ол күн.

Дидактикалық ойын: «Күн сәулесін құрастыру»

Шарты: кеңістікте геометриялық пішіндерден құрастыруды үйрету.

-Ендеше күн сәулесі бізге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Балалар жұмысты бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті.

Бала, бала, баламыз,
Бақшамызға барамыз.
Күні бойы қызыққа
Батамыз да, қаламыз!
Тәрбиеші қарайды,
Аяққа бір, қолға бір.

Көңілді әуен сазымен
Жаттығуды бастаймыз
Бір, екі, үш
Бойға жина күш!

-Ал, балалар, сергіп алсақ, енді бүгінгі жұмысымызға кірісейік. Алақан мен саусақтардың көмегімен шағылысқан күн сәулесін саламыз. Алақанымызды тұтас бояуға батырамыз, қағаздың тура ортасына алақанымызды басамыз, толық басылмай қалған жерлерді қылқаламмен бояп шығамыз. Сулық майлықпен алақанымызды сүртіп, дайын болған суреттерді тақтаға іліп, көрме ұйымдастырамыз. Ендеше, балалар, барлығымыз суреттерімізді іліп болсақ, ортаға жиналып, «Күн және жаңбыр» ойынын ойнайық. Ойын «Күн мен жаңбыр».

Қорытынды:

- Балалар, бүгін біз сендермен оқу қызметімізде ненің суретін салдық?
- Шағылысқан күн сәулесін
- Күннің түсі қандай екен?
- Сары
- Біз суретті бүгін қалай салдық?
- Алақан мен саусақтарымызбен
- Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін сендерге үлкен рақмет!

Бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс түрлері баланың шығармашылық қабілеттілігін, қиялдауы мен ойлауын, жауапкершілігін, өз пікірін ашық айтуын, дербестігін – барлық қасиеттерінің ашылуы мен дамуына септігін тигізеді. Дәл осы қасиеттер бүлдіршіннің болашақ өмірдегі жетістік формуласының негізі болып табылады.

Тақырыбы: «Бұтақта отырған құс»

Оқу қызметі: сурет салу.

Мақсаты: Құстар туралы білімдерін жетілдіру, құстардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білу біліктілігін машықтандыру, құстарға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікке баулу. Дәстүрден тыс «қағазды умаждап» сурет салуды қолдану. Бояуларды араластырып, жаңа түстерді шығаруға балалардың қызығушылықтарын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- 1) Құс бейнесін қағазды умаждап салуды үйренеді.

2) Бояуды пайдаланудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру.

Білу керек: басқада әдістерді қолданып сурет салуға болады.

Түсінігі: Құстарға қамқор жасай білу.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Өз қиялдары бойынша да сурет сала білулері.

Әдіс-тәсілдері: Ақ қағазға сурет салып, кепкеннен кейін суреттерін умаждау оны қайтадан ашып қағазды ашу. Сұрақ-жауап, ойын іс-әрекеті.

Көрнекілік: үлгі сурет. Гуашь бояу, су, сүлгі, қылқалам, қағаз, құстардың суреттері.

Ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру кезеңі: Балаларға құстар туралы әңгімелеп беру.

Шаттық шеңбері:

Адал жақсы ниетпен,
Бар адамға бақ тілеп,
Жарып шыққан жүректен,
Сөздің бәрі – ақтілек.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Ақ және қаратүсті бояуларды дайындап алу ұсынылады, содан кейін жиі кездесетін құстардың суреттерін көрсетіп әңгімелеу. Олар торғайлар, қараторғай, көгершін, қарғалар т.б. Бұтаққа қонған құстың суретін салу технологиясын түсіндіру. Бұтаққа құстың бейнесін салу: басын, тұмсығын, көздерін, қанаттарын. Үлгі көрсету. Балаларға еркіндік беру. Жұмыстарын қадағалау, көмекке келе білу. Балалардың жұмыстарын аяғына дейін жеткізуін бақылау, соңынан көздерін, тұмсығын салуға бағыт беру.

Дидактикалық ойын: «Қайда мекендейді?»

Мақсаты: Аспанда ұшатын құстарды атап айту.

Шарты: Тәрбиеші балаларға суда өмір сүретін, аспанда ұшатын құстардың, жерде мекендейтін жануарлар суретін тарқатып береді. Тәрбиеші «Су» деп айтқанда кімде суда мекендейтіндер суреті балалар суреттерін көтеру керек. Шатасып қалған бала айыпты болады.

Сергіту сәті: Қарлығаш болып ұшамыз.

Аппақ болып таң атып,
Түтін бірге шығады,
Қарлығаштар қанатын,
Самғап биік ұшады.

Сергіту сәтін қимыл-қозғалыспен көрсетіп орындайды. Аяқталмаған жұмыстарды соңына дейін жеткізу.

Қорытынды: Сұрақ-жауап арқылы суреттің барысын әңгімелеу. Жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау. Балалар үлкен қызығушылықпен салған суреттерін көрмеге апарып қоюлары. Жасаған жұмыстарын мақтанышпен көрсетеді.

Тақырыбы: «Көбелек»

Оқу қызметі: сурет салу.

Мақсаты: Балалардың қиялы мен елесін дамыту. Дәстүрден тыс «Бүктеу әдісімен» сурет салуды қолдану. Бояуларды араластырып, жаңа түстерді шығаруға балалардың қызығушылықтарын арттыру. Қағаз бетін қалай бүктеу керектігін түсіндіру.

Күтілетін нәтиже: Мұқият тыңдап аса қызығушылықтарымен көбелекті бүктеу әдісімен сурет салулары.

Білу керек: Басқада әдістерді қолданып сурет салуға болады.

Түсінігі: Бояуларды араластырып өз қалаулары бойынша түстерді ойлап табу.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Өз қиялдары бойынша да сурет сала білулері

Әдіс-тәсілдері: Суреттің симметриялы бейнесі, альбом парағын өз мөлшерімен екіге бөлу, бір бөлігіне көбелектің қанатын салу, содан оң қағазды бүктеу. Сұрақ-жауап, ойын іс-әрекеті.

Көрнекілік: Көбелектердің түрлері бар түрлі –түсті суреттер, үлгі.

Ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру кезеңі: Балаларға құстар туралы әңгімелеп беру.

Шаттық шеңбері:

Көк аспанда күн күлсін,
Бірге күлсін бүлдіршін,

Көк аспанда күн күлсін,
Жерге ұдайы нұр құйсын,
Көк аспанда күн күлсін.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Балаларға көбелектің түрлерін көрсетеді, олармен әңгімесі. Әр-түрлі әдістерді көрсетіп балалармен бүктеу әдісімен суретті қалай салу керектігін түсіндіреді. Бояуларды, дымқыл майлықшаларын, қылқаламдарын жеткілікті қылып суларын дайындап әкеп сабаққа отырады. Үлгі көрсету. Балаларға еркіндік беру. Жұмыстарын қадағалау, көмекке келе білу.

Дидактикалық ойын: «Көбелектер»

Мақсаты: Жәндіктер туралы мағлұматтар беру.

Шарты: ойын шарты бойынша тәрбиеші көбелек туралы сұрақтар қояды. Балалар сұраққа жауап беруі тиіс.

- Көбелек қандай?
- Көбелектің қанаты қандай?

Сергіту сәті:

Көбелек - ау, көбелек
Әдемісің гүлдейсің
Ұстап сені не керек
Ойнамайсың күлмейсің
Көріп жаздың қызығын
Гүлден - гүлге самғаймын
Гүлдің ерке қызымын
Гүлден өзім аумаймын
Шаршағанда ырғалып
Гүлге ұқсап деп алам
Қанатымды бір қағып
Гүлдей болып жайқалам.



Балалардың бітпеген жұмыстарын аяғына дейін жеткізу. Балалар үлкен қызығушылықпен суреттерін көрмеге апарып іледі, жұмыстарына талдау жасалады.

Қорытынды: Сұрақ – жауап арқылы суреттерінің барысын әңгімелету. Жасаған жұмыстарын мақтанышпен көрсетеді. Жақсы қатысқан балаларды мадақтап, жұлдызша беру. Жақсы суреттерді атап кету.

Тақырыбы: «Кемпірқосақ»

Оқу қызметі: сурет салу.

Мақсаты: Балаларды кемпірқосақтың жеті түсі болатынын түсіндіру.

Күтілетін нәтиже: Табиғаттың әсемдігін таниды, кемпірқосақтың 7 түсінің орналасу реттілігін игереді.

Көрнекіліктер: Кемпірқосақтың суреті, қағаз, акварель бояу, қылқалам, су, губка.

Әдіс-тәсілдері: Үлгі суретке қарап түсіндіру, әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Жер-ана, саған мың алғыс,
Сыйлайсың бізге қуаныш,
Жазда, күзде, қыстада,
Көркемсің көктем тұстада.

Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы:

Жұмбақ:

Келістіріп өрнегін,

Құрып қойды өрмегін. (Кемпірқосақ)

Кемпірқосақтың түстері: қызыл, қызылсары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін.

Табиғат құбылыстары жайында әңгімелеу. Жұмыс ретімен таныстыру.

Жай қарындашпен көкжиек сызығын сызып аламыз. Қағаздың жоғарғы бетіне күн мен бұлтты салып аламыз. Кемпірқосақ түстерін доға түрінде саламыз, бояймыз.

Дидактикалық ойын:

«Кім жылдам?»

Шарты: кемпірқосақты түстік реттілікпен құрастыру.

Қорытынды:

-Ненің суретін салдық?

-Кемпірқосақтың неше түсі бар?

-Түстерін атаңдар.

-Балалардың жауаптарын бағалау.

Балалардың жұмыстарын талдау. Жақсы жұмыстарды мақтап, мадақтау.

Тақырыбы: «Жолақтағы ою элементтері (жолақшадағы)»

Оқу қызметі: сурет салу.

Мақсаты: Қазақ оюларының суретін салу тәсілдерімен таныстыру, қолданылатын бұйымдарды ою-өрнектермен безендіру жолдарын геометриялық фигуралар салу арқылы көрсету, үзік сызықтарды қосу арқылы қандай бейне шығатынын білдіру, балалардың көркемдік талғамын дамыту. Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- 1) геометриялық пішіндермен ою-өрнек салуды үйренеді.
- 2) Халық өнеріне деген сүйіспеншіліктері.

Қажетті құрал-жабдықтар: Бояулар, қылқаламдар қағаз, су, сүлгі, магнитофон, баяу әуенді кассета, сурет дәптер.

Көрнекіліктер: ою-өрнектермен безендірілген тұрмыстық заттар, геометриялық фигуралар.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Геометриялық кескіндерден өрнек құрау әдісін үйрену.

Әдіс-тәсілдері: көрсету, үйрету, түсіндіру

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Біз қандаймыз-қандаймыз,
Шұғылалы таңдаймыз,
Күлімдеген күндейміз,
Еш уайымды білмейміз.

Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы:

Балаларға ою-өрнектер суретін көрсетеміз. «Қошқар мүйіз», «құс қанаты», «гүл», «ирек су» аттарын атап өтеді және оларды қимыл қозғалыспен көрсетеді.

- Ою-өрнектерді салмас бұрын, өзіміз соны қолымызбен жасап көрейік. «Қошқар мүйіз» қолдарын жоғары көтеріп, сыртына қарай қолдың басын ию, «құс қанаты» екі қолдарын жандарына ұстап, құс болып ұшып көрсетеді (қанаттарын қағады).

- Балалар осы ою-өрнектерді жақсы танып білу үшін дидактикалық ойын ойнаймыз.

Дидактикалық ойын:

«Оюды құрастыр, атын ата»

Шарты: Ою-өрнектердің суретін көрсетіп, оюлардың атын атату.

Ұлттық бұйымдарды: сырмақ, кесе, қоржын көрсету. Бұйымдардың ою-

өрнектеріне назар аударады. Ою-өрнек («ирек», «тышқан ізі») бейнеленген суретті көрсетеді, сұрақ-жауап арқылы олар туралы түсінік беру.

Сергіту сәті.

Дөңгеленіп тұрамыз,
Керегені құрамыз.
Уық болып иіліп,
Шаңырққа киіліп,
Киіз үйді құрамыз.

-Ал, балалар, сергіп алсақ, тағы бір ойын ойнайық.

Ойын «Қандай пішін жоқ?».

Мақсаты: жаңа ою-өрнек элементтеріне балалардың көздерін үйрету және оны басқа пішіндерден ажырата білу.

Шарты: Төрт пішінді (шеңбер, тік төртбұрыш, «ирек», «тышқан ізі») тақтаға іліп қою, ішінен бір пішінді жасырады. Балалар қай пішін жасырылғанын айтады.

- Енді, балалар, ою-өрнектерді меңгерсек, осы ою-өрнектердің элементтерін жолақшаның үстіне саламыз.

Балалар салған суреттерін көрмеге апарып іледі, балалардың жұмыстарын талдайды.

Қорытынды:

Сұрақ – жауап арқылы суреттерінің барысын әңгімелету.

Жақсы қатысқан балаларды мадақтау.



Мақсаты: Балаларға күзгі жемістердің, оның ішінде алмұрттың суретін сала білуді үйрету. Жаңа өнерге сүйіспеншіліктерін арттыру.

Күтілетін нәтиже: алмұрт жемісін целлофанға салу кезінде өз еріктерімен бояу түсін таңдай біледі.

Қажетті құрал-жабдықтар: Бояулар ақ қағаз, целлофан, мақталы таяқшалар, су, сүлгі, магнитофон, баяу әуендер флешкасы.

Көрнекіліктер: Бау-бақшаның, алмұрттың суреті.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Жаңа сабақты қызығушылықпен

игерді.

Әдіс-тәсілдері: Жұмсақ целлофан бетіне саусақпен бояу жағу. Бояуды кеппей тұрып, целлофанға ақ қағазды беттестіріп қойып, қолмен сипау. Қағазды тура көтеріп алу. Шықан суреттің бейнесін келтіріп әрлеу. Сұрақ-жауап, ойын іс- әрекеті.

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Біз қандаймыз-қандаймыз,

Шұғылалы тандаймыз,

Күлімдеген күндейміз,

Еш уайымды білмейміз.



Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы:

Тақтаға «Күз» туралы суреттер ілінеді. Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту арқылы әңгімелеседі және алмұрт туралы көптеген ақпараттар айтылады. Үлгі көрсетіледі, салу әдіс- тәсілдерін түсіндіру.

Балалардың өздігінен жұмыстары.

Көмекке келе білу, түсінбеген жерлерін әр баланың қиялын дамыта отырып көмектесе білу

Дидактикалық ойын:

«Иісінен тап»

Мақсаты: Күз сыйынан жемістер мен көкөністердің түрін иісі арқылы анықтау.

Шарты: ойын шарты бойынша жемістер мен көкөністер дайындалады. Балалар көздерін жұмып, иіскеу арқылы қандай жеміс немесе көкөніс екенін табуы керек.

- Ал, балалар, жемістермен танысып болсақ, енді алмұртқа тоқталайық.

Алмұрт туралы ақпараттар айтылады.

Балалар бір-бірінің жауаптарын толықтырады.

Үлгі көрсетіліп, салу әдісі түсіндіріледі.

Сергіту сәті.

Ал, балалар, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Шеңбер болып тұрған соң,

Алақанды соғайық

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға

Шапалаққа шапалақ.

- Ал, балалар, сергіп алсақ, тағы бір ойын ойнайық.

Ойын «Көкөністер мен жемістер».

Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді бөлек-бөлек себеттерге жинау.

Балалардың өз бетінше жұмыстарын жалғастырулары. Суретті ерте аяқтаған балаларға қосымша тапсырмалар беріліп, шығармашылықпен өз ойларын толықтырады.

Қорытынды:

Балалардың жұмыстарын талдау.

Сұрақ – жауап арқылы суреттерінің барысын әңгімелету. Жақсы қатысқан балаларды мадақтап, жұлдызша беру. Жақсы суреттерді атап кету.

Тақырыбы: «Күз көрінісі»

Оқу қызметі: сурет салу.

Мақсаты: Балалардың күзгі табиғаттан өздерінің бақылағандарын суреттерінде көрсете білу дағдыларын қалыптастыру, суретке мазмұн бере білуге баулу. Ұқыпты жұмыс істей білуге және баланың көркемдік талғамын қалыптастыруға тәрбиелеу, сурет салуды үйрету. Дәстүрден тыс бір басылымды сурет (целлофанға) салуды үйрету.

Күтілетін нәтиже: Түсірілген бояу көлемі мен оны сипау бағытына қарай әртүрлі бейнелер жасауды үйренеді.

Қажетті құрал-жабдықтар: Жұмсақ целлофан, мақталы таяқшалар, бояулар.

Көрнекіліктер: Күзге байланысты суреттер және тақырыпқа сай үлгі.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Балалар өз шығармашылығына қарай сурет сюжетін толықтырады.

Әдіс-тәсілдері: Целлофанға субояқ жағу, мақталы таяқшаға немесе саусаққа бояу жағып сурет салу (бояу қою және күз мезгіліне сай болады).

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Күндей жадырап, Айдай арайлап

Жұлдыздай жарқырап

Судай мөлдір таза көңілмен

Бүгінгі күнімізді бастайық.



Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы:

Күз мезгілінің ерекшелігін бейнелейтін бірнеше суреттер. Балалардың не байқағандарын сұрау және целлофанға бояуды қалай жағу керектігін айту. Бояуды кеппей тұрып, целлофанға ақ қағазды беттестіріп қойып, қолмен сипау. Қағазды көтеру. Балалардың өз бетінше сурет салуларын қадағалау

Дидактикалық ойын:

«Жапырағынан таны»

Шарты: ойын шарты бойынша әр түрлі ағаштардың жапырақтары шашылып тасталынады. Балалар жапырақтардың ішінен үйеңкі мен емен ағашының жапырағын тауып сипаттап береді.

Балалар сурет салу үшін ашық бояу түстерін таңдап алған.

Аспан көгілдір (жоғарғы жағы көк бояу), жапырақтары сары және қызғылт.

Целлофанға салынған суретті қағазға бастырып, сурет толық болмай қалған жерін мақталы таяқшамен немесе саусақтарының көмегімен аспанды келтіреді, ағаштардың діңін қоңыр, жапырақтарын сары, қызғылт қылып келтіріп салады.

Сергіту сәті.

Биік болып өсеміз.

Жапырақтай жайқалып

Шетімізден шеберміз

Әсем сурет жапсырып

Біз тынығып аламыз.

Суретте салған күзгі көріністерін әңгімелейді, ерекшеліктерін айтады. Өз жұмыстарын көрмеге апарып қояды.

Қорытынды:

Балалардың жұмыстарын талдау. Жақсы жұмыстарды мақтап, мадақтау

Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»

Оқу қызметі: сурет салу.

Мақсаты: Балаларға сурет салуды үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту, сурет салуда әртүрлі әдіс-тәсілдері қолдана білуге дағдыландыру. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салу тәсілдерін бекіту; Гүлдердің ерекшеліктерін, қасиеттерін түсіндіре дамыту; Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

- 1) Гүл туралы жалпы түсінді, гүлдің ерекшеліктері мен қасиеттерін меңгерді, бояуды дұрыс пайдалана алды.
- 2) Сурет салудың жолдарын үйренеді.


Көрнекіліктер: Гүл, суреттер, үлгі, гуашь, мақталы таяқшалар, бояулар, сулы сүлгілер, А4- қағаздар.

Әдіс-тәсілдері: Үлгі суретке қарап гүлдің суретін салу, сұрақ-жауап.

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Жарқырап күнде ашылды,
Айналаға гүл шашылды,
Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз,
Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз.



Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы:

Тақырыпты түсіндіру, гүл туралы білімдерін кеңейту, гүл сыйлық екенін түсіндіру. Балаларға бояуды қалай пайдалануды керектігін айту. Балалардың өз бетінше сурет салуларын қадағалау. Гүлдің суретін салуды бастағанда, гүлдің сабағын төменнен жоғары қарай сызып, одан гүлдің күлтешелерін салып, енді сабағына жапырақтарын орналастырамыз.

Дидактикалық ойын:

«Геометриялық пішіндерден гүлдер құрастыру»

Сергіту сәті.

Біздер тату тұрамыз,

Гүл-гүл жайнап аламыз,

Жаттығулар жасасақ,

Жақсы сергіп аламыз.

Салған суреттеріне қызыға қарап, салған гүлдерден көрме ұйымдастырады

Қорытынды:

Балалардың жұмыстарын талдау. Жақсы жұмыстарды мақтап, мадақтау

Тақырыбы: «Балықтар»

Оқу қызметі: сурет салу.

Мақсаты: Балаларды аквариумда тіршілік ететін балық түрлерімен (неон, еллоу, арован) таныстыру. Балаларды дәстүрден тыс бастырма сурет салу әдісі арқылы балықтардың бейнесін салуды үйрету. Ойын арқылы балалардың логикалық ойларын дамыту, су асты әлеміне қызығушылығын арттыру. Жаңа сөздер арқылы тілдерін дамыту.

Күтілетін нәтиже: Балық суретін бастырма әдісімен салуды үйренді. Табиғатты қорғайды, балықтарға жанашырлықпен қарайды.

Көрнекіліктер: Үлгі суреттер, бояулар, қылқаламдар, сулы сүлгілер, қағаз, картоп.

Әдіс-тәсілдері: Үлгі суретке қарап балықтың суретін салу, сұрақ-жауап.

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Қоршаған өмір әлемі,
Не деген көркем әдемі!
Сол сұлулықты сақтайық,
Мадақтайық, мақтайық.



Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы:

Балалар, ең алдымен көк түспен шанышқының көмегімен толқын сызықтар сызып, аквариумның ішін суға толтырамыз.

- Картоптан ойылған балықтың бейнесін қызыл, көк, жасыл түстермен бастырма әдісі арқылы аквариумның ішіне бейнелейміз.

Мақта таяқшасымен балықтың көзін саламыз. Сұқ саусақты қоңыр түсті майлы бояуға малып нүктелеу әдісімен тастардың бейнесін саламыз. Қылқаламды пайдаланып жасыл түсті бояумен балдырларды бейнелейміз.

Дидактикалық ойын:

«Суретші қай жерден қателесті?»

Мақсаты: Балалардың суда тіршілік ететін жануарларды ажырата білуге үйрету.

Шарты: тақтадағы суретке қарап суретшінің қатесін тауып айтып беру.

Салған суреттеріне қызыға қарап, салған балықтармен көрме ұйымдастырады.

Қорытынды:

Балалардың жұмыстарын талдау. Жақсы жұмыстарды мақтап, мадақтау.

Тақырыбы: «Сиқырлы дөңгелек (алманың суреті)»

Оқу қызметі: сурет салу.

Мақсаты: Дәстүрден тыс әдіс тәсілдерді пайдаланып, баланың шығармашылық қабілетін, талғамын қалыптастыру. Баланың қиялын шарықтатып, есте сақтау қабілетін арттыру.

Күтілетін нәтиже: Мұқият тыңдап, аса қызығушылықтарымен сурет салулары. Жемістер мен көкөністерді айыра білулері.

Білу керек: Қағаз бетіне штампты орналастыра біледі.

Түсінігі: Басқада көкөністерден «бастыру әдісі» арқылы сурет салуға болады.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Өз қиялдары бойынша да сурет сала білулері.

Әдіс-тәсілдері: Картоп пен сәбізден контур жасап, артығын кесу. Картоп және сәбіз бетіне қылқалам көмегімен бояуды жағу. Дайын затты қағаз бетіне бастыру арқылы алманың суретін салу. Бастыру арқылы сурет салу балалардың санасында жағымды эмоция тудырады. Дәстүрден тыс сурет салуды үйренген бала өз бетінше бастыру құралдарын еркін қолданады. бастыру тәсілі баланың өмірге шығармашылықпен қарауының, кез келген затты әр түрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін, шеберлігін дамытады.

Көрнекілік: Дайын үлгі сурет. Алма, апорттың суреттері.

Шаттық шеңбері:

Біз қандаймыз-қандаймыз,
Шұғылалы таңдаймыз,
Күлімдеген күндейміз,
Еш уайымды білмейміз.

Сабақты ұйымдастыру кезеңі: Балаларға алма туралы әңгімелеп беру.

Дидактикалық ойын: дәмін тат.

Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы: дөңгелек пішінді заттарды қалай салуға болатынын көрсету. Дәстүрден тыс «Көкөністер бастырмасы» әдісін көрсету. Балалардың бастырма көмегімен салынған бейнеге ерекше қызығушылықтарын арттыру. Әсіресе, көкөніс қалдығынан балалардың көз алдында даярланған штамптар даяр сатып алғандарға қарағанда қызығушылықты үдете түседі. Картопты және сәбізді дөңгелетіп даярлап балалардың сурет салу қызығушылықтарын арттыру. Алма туралы әңгімелерін тыңдау.

-Алманың пішіні қандай?

-Домалақ

-Алманың пішінін ауада сұқ саусақпен саламыз.

Дәстүрден тыс «Көкөністер бастырмасы» әдісін көрсету. Жаңа әдіспен суретті қалай салу керектігін түсіндіру. Үлгі көрсету. Дайын көкөністерді, қағаздарын, гуашь құйылған ыдысты әр балаға жеткілікті қылып қояды. Балалар мұқият тыңдайды. Балаларға еркіндік беру. Жұмыстарын қадағалау, көмекке келе білу. Балалардың әрқайсысына жұмыстарын аяқтауға көмектесу.

Сергіту сәті.

Алма ,алма дейсің,
Алма әкелсемжейсің.
Айтпады екен деме,
Алманы жумай жем.



Қорытынды:

«Сиқырлы қоржын» ойыны.

Ойынның мақсаты: Жемістер мен көкөністерді топтастыруға, салыстыруға үйрету. Бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс түрлері баланың шығармашылық қабілеттілігін, қиялдауы мен ойлауын, жауапкершілігін, өз пікірін ашық айтуын, дербестігін – барлық қасиеттерінің ашылуы мен дамуына септігін тигізеді. Дәл осы қасиеттер бүлдіршіннің болашақ өмірдегі жетістік формуласының негізі болып табылады.